



ҚАЛА ТЫНЫСЫ

ТАЗАЛЫҚ ТАЛАБЫ КҮШЕЙДІ

Биылғы шілде айынан бастап тазалық сақтау талабы күшейді. «Қалалар мен елді мекендердің тазалығын сақтау және абаттандыру» бойынша тазалық сақтау талабы қатандатылды. Бүгінде тұрғындар арасында «есік алдын таза ұстамасаң айыппұл салады екен» деген пікір жиі айтыла бастады. Бекер емес. Жаңа талап бойынша тұрғындар өз аумағының тазалығын сақтауға, қалдықтарды арнайы контейнерлерге тастауға, санитарлық талаптарды сақтап, қаланың тазалығы мен көркеюіне үлес қосуға міндетті. Бүгінде тазалық талабын қадағалау үшін жергілікті әкімдіктен құрылған арнайы мобильді топ тұрақты түрде рейд жүргізуде.

— Қалалар мен елді мекендердің тазалығын сақтау және абаттандырудың жаңа талабы бойынша тұрғындарға қоқысты белгіленбеген жерге тастауға, құрылыс және тұрмыстық қалдықтарды көшеге, бос жерлерге немесе контейнер алаңдарының сыртына тастауға, аула мен қоғамдық орындарды ластауға, жасыл желектерге зиян келтіруге тыйым салынады. Атап айтарлығы, белгіленбеген жерге қоқыс тастағаны немесе санитарлық талаптарды бұзғаны үшін ҚР заңнамасына сәйкес әкімшілік жауапкершілік қарастырылған. Қаладағы тазалық тәртібін сақтау үшін арнайы құрылған мобильді топ тұрақты түрде рейд жүргізіп келеді. Олар тазалық сақтамаған тұрғындарға алдымен ескерту, нәтиже шықпаса айыппұл салады, — дейді «Қызылорда тазалығы» мекемесінің «Мобильді бақылау және ақпараттандыру» бөлімінің басшысы Динара Өтепова.

Айта кетелік, жаңа қағида талабы бойынша әр тұрғын өзі тұратын үй аумағының тазалығына жауапты. Үйдің

нөмірінен бастап, қоршауы, тазалығы талапқа сай болуы тиіс. Сонымен қатар қоғамдық орында тазалық сақтау маңызды. Анығын айтқанда, енді үй жануарларын көшеде серуендетудің де тәртібі бар. Яғни кез келген жерде емес, арнайы тақтайша-сы бар аумақта ғана серуендетіп, қоршаған ортаны бүлдіруге жол бермеуі тиіс. Сондай-ақ енді көпқабатты үй ауласында кез келген жерге көлік қоюға болмайды. Жаяу жүргінші жолына, балалар мен спорт алаңдарына, жасыл желектер мен газондарға, қоқыс контейнерлері алаңына және арнайы тұраққа арналмаған орындарға көлік қоюға тыйым салынады. Бір сөзбен айтқанда, тазалық сақтау талабы күшейді. Ендігі мәселе — тәртіпке бағыну, болмаса, айыппұл арқалайсыз!

«Ақмешіт-ақпарат»



Коллаж М.Кенжалыұлы

Мөлдір Айтбай, ақын, «Мөлдір өлең» жобасының авторы:

ӘР ҚАЗАҚТЫҢ ЖҮРЕГІНДЕ БІР ШУМАҚ ӨЛЕҢ ӨМІР СҮРЕТІНІ АҚИҚАТ



Басталған сәттен ел назарын аударған «Мөлдір өлең» жобасы қыза түсті. Көпшіліктің қызығушылығын оятқан бұл жоба халықтың мәнді дүниені сағынғанын, өлең десе селт етпейтін қазақ жоқ екенін байқатады. Ақындардың басын қосып, оқырманды өлең оқуға, тыңдауға қызықтыра түскен жоба авторы, Сыр перзенті, ақын Мөлдір Айтбаймен сұхбаттасудың сәті түсті.

— Ел назарын аударған «Мөлдір өлең» жобасы туралы айтыңызшы...

— «Мөлдір өлең» жобасы Қазақстанда тұңғыш рет өтуде. Бұрын-соңды бізде көкпардан, тоғызқұмалақтан, футболдан, спорттың кез келген түрінен, бйім саласында түрлі байқаулар, олимпиадалар өтіп жатады. Айтыстан бөлек, жыршы-термешілер үшін «Мен қазақтың» сияқты жобалар бар. Сондай-ақ «SuperStar KZ», «Қазақстан Дауысы» атты ән байқаулары да бар. Мұндай жобалар үнемі ақындардан айналып өтеді. Мен сол олқылықтың орнын толтырғым келді. Екіншіден, ақындардың танылғанын қаладым. Осы ой менің миыма тыныштық бермей, тәуекел етіп басталған жоба.

4-БЕТТЕ

КӘСІП



САПА МЕН СЕНІМГЕ СҮЙЕНГЕН «СЫР ЖИҢАЗЫ»

Бүгінде халық дайын жиһаз сатып алғаннан гөрі, өз талғамы мен үйінің өлшеміне лайықтап, тапсырыспен жасатады. Бұрын сапалы жиһаз жасайтын шеберлер аз еді. Қазіргі таңда соңғы үлгідегі жиһаз шығаратын цехтардың қатары еселеп артты. Жиһаз нарығында оқ бойы озып шығып, халықтың ықыласына бөленіп отырған кәсіпорындар баршылық. Солардың бірі де, бірегейі — «Сыр жиһазы».

Бүгінде өңірдегі жиһаз өндірісінің көшбасшысына айналған, сапасымен де, сәнімен өзгелерден дараланған кәсіпорын. Екі жыл қатарынан «Халық тұтына-

тын тауарлар» номинациясымен аймақта «Үздік тауар» атанып, биік белестерді бағындырып келеді. Іргелі кәсіпорынның тыныс-тіршілігімен, жұмыс бары-

сымен жақынырақ танысу мақсатында «Сыр жиһазына» арнайы бас сұққан едік.

3-БЕТТЕ

БРИФИНГ

ҚЫЛМЫС АЗАЙДЫ

Қылмыстың алдын алу — прокуратура қызметінің негізгі басымдықтарының бірі. Осы мақсатта қылмыс жасауға бейім және бұрын сотталған азаматтармен профилактикалық жұмыстар күшейтілуде. Прокуратура органдары заңдылықты қамтамасыз ету, азаматтардың құқықтарын қорғау және қылмыстың алдын алу бағытында жүйелі түрде жұмыс жүргізуде. Осыған орай Өңірлік коммуникациялар қызметі алаңында Қызылорда облысының прокуроры Ризабек Кәрімұлы алты айдағы қызмет нәтижелерін таныстырды. Жиын барысында өңірдегі қоғамдық қауіпсіздік, қылмыстық ахуал, азаматтардың құқықтарын қорғау және бірқатар маңызды бағыт бойынша атқарылған жұмыс барысын баяндады.

Өңірдегі қылмыс деңгейі 10 пайызға төмендеп, құқық қорғау және жергілікті атқарушы органдардың өзара үйлесімді жұмысының нәтижесінде өңірдегі қоғамдық-саяси ахуал тұрақталған. Прокуратураның мәліметінше, қылмыстың төмендеуіне профилактикалық жұмыстардың күшеюі,

бұрын сотталған азаматтарды бақылаудың тиімділігі, құқық қорғау органдарының үйлесімді жұмысы және цифрлық жобалардың енгізілуі оң әсер еткен.

Арнайы құрылған мобильді топтар есепте тұрған 1500-ден астам азаматтың тұрғылықты жері мен жұмыс орындарын



тексеріп, олардың қайта қылмыс жасауына жол бермеу мақсатында нақты шаралар бар. Нәтижесінде аса ауыр қылмыс 5 пайызға, қорқытып алу 80 пайызға, ұрлық 34 пайызға, мал ұрлығы 36 пайызға және бұзақылық 48 пайызға төмендеген.

Алаяқтық қылмыстарын анықтау мен

оны ашуда облысымыз республика бойынша үздік нәтиже көрсетіп, алғашқы бесіктің қатарынан көрінді. Прокуратура қызметінің тағы бір маңызды бағыты — азаматтардың конституциялық құқықтары мен бостандықтарын қорғау.

2-БЕТТЕ

КӨЛІН САҚТАҒАН — ЫРЫСЫН САҚТАЙДЫ

Балықшыны балықшы ететін төзім, сабыр екен. Білетіндердің айтуынша, балық түсте «саялап» судың түбінде жатып, жоғары көтерілмейді. Ал аздаң өріске шыққан малдай өріп, ойнап, шолпылдап асыр салады. Қармаққа ілінетіні де нағыз сол кез. Құдды бір қысқы қансонар секілді — балықсонар.



Шілде айының екінші жексенбісі — елімізде балық шаруашылығы қызметкерлері мен балықшылар күні ретінде кеңінен аталып өтеді. Таңсәріден қармағын сайлап, табиғатпен тіл табысқан, кәсібін нәсіпке айналдырған еңбек адамдарының төл мерекесі. Осы айтулы күнге орай, еліміздің экономикасы мен азық-түлік қауіпсіздігіне елеулі үлес қосып отырған Арал-Сырдария бассейндік балық шаруашылығы инспекциясы мекемесінің тыныс-тіршілігі мен биылғы жетістіктеріне тоқталудың сәті түсіп тұр. Қазіргі таңда аталған мекеме су маржандарын өсіру мен аулау ісінде заманауи технологияларды қолдана отырып, өндіріс көлемін жыл санап арттырып келеді. Мамандардың қажырлы еңбегінің арқасында өңірдегі балық шаруашылығы жаңа серпін алып, ішкі нарықты сапалы өніммен қамтуда.

Сыр өңірінде бұл саланың тамырына қан жүгіріп, өңірде балық шаруашылығын өңірлік дамытудың 2030 жылға дейінгі арнайы бағдарламасы қабылданды. Стратегиялық құжат аясында аймақтағы балық өндірісін еселеу, экспорттық әлеуетті арттыру және жаңа жұмыс орындарын ашу бағытында жүйелі реформалар жүзеге асуда. Бағдарлама шеңберінде облыс көлемінде 16 мың тонна тауарлы балық өсіру көлеміне жеткізу межеленген. Бүгінгі күннің өзінде Қызылорда облысында бағдарлама индикаторларын орындауда оң нәтиже жоқ емес. Облыс бойынша бүгінгі күні 98 шаруашылық тауарлы балық өсірумен айналысады. Оның 10-ы тоған шаруашылығы, 84-і көлде-тауарлы балық өсіру шаруашылығы, 1-уі шабақтық шаруашылық, 3-і тұйық жүйелі сумен қамтамасыз ету құрылғысы жұмыс істейді.

2-БЕТТЕ

БАСЫ 1-БЕТТЕ

Облыста тауарлы балық өсіру ісі қарқынды дамып келеді. Өткен жылдың қорытындысы бойынша аймақта 1 447 тонна балық өсіріліп, белгіленген жоспар артығымен орындалды. Ал биылғы меже бұдан да жоғары. Бағдарламаға сәйкес, балық өндірісін 2 765 тоннаға жеткізу көзделген. Өңірдің балық шаруашылығы саласында ірі инвестициялық жобалар сәтті жүзеге асырылуда.

Қазалы ауданында орналасқан «Аралрыбторг» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі кеңестік кезеңнен қалған тарихи тоған орындарын қайта жаңғырту жобасын қолға алды. Жалпы аумағы 464 гектарды құрайтын бұл шаруашылықтың қазіргі таңда 80 гектары іске қосылып, балық көбейту жұмыстары белсенді жүргізілуде. Сондай-ақ «Тоғыс-АралОтын» Арал ауданында өз жұмысын бастады. Кәсіпорын «Байқоңыр»



КӨЛІН САҚТАҒАН — ЫРЫСЫН САҚТАЙДЫ

әлеуметтік-кәсіпкерлік корпорациясы» арқылы, агроөнеркәсіптік кешен саласындағы жобаларды кредиттеу қағидалары шеңберінде несиелендірілді. Нәтижесінде бүгінде 10 гектар тоған іске қосылды. Ал жауапты инспекция қолданыстағы заң талаптары аясында және өз құзыреті шегінде осы инвестициялық жобаларға тұрақты түрде құқықтық әрі әдістемелік сүйемелдеу жұмыстарын атқарып келеді.

— Айта кету керек, 2021 жылдан бастап біздің инспекцияның құзыретіне маңызды функция енгізілді. Содан бері атқарылған жұмыстар аз емес. Мемлекеттік мүлік тізілімінің веб-порталы арқылы жергілікті су айдындарын аукциондық негізде бекітіп беру конкурстарын өткізіп келеміз. Жергілікті маңызы бар 34 балық шаруашылығы су айдынына конкурс өткізіліп, соның 25-і бойынша жеңімпаздар анықталды. Қазіргі таңда облыс бойынша 41 су айдыны резервте тұр. Алдағы жоспарларымыз да ауқымды. Биылғы жылы 27 көлге конкурс өткізуді жоспарлап отырмыз. Қалған 14 көлдің балық шаруашылығына жарамдылығын жергілікті атқарушы органмен және ғылыми ұйымдармен бірлесе отырып, жан-жақты зерттеудеміз. Бүгінде облыс бойынша балық шаруашылығын жүргізуге толық жарамды 27 резервтік су айдыны бар екенін айта кеткен жөн. Олардың 18-і кәсіпшілік бағытта болса, қалған 9-ы көл-тауарлы шаруашылығын жүргізу мақсатына арналған. Әлеуетті инвесторлар мен кәсіпкерлер конкурс өткізу туралы хабарландыруларды «E-QAZYNA.KZ» мемлекеттік мүлік тізілімінің цифрлық платформасынан, сондай-ақ инспекцияның ресми әлеуметтік желілерінен хабардар болады, — дейді Жанқожа Сапаров

Өңірде балық өндірісін еселеумен қатар, су айдындарының экологиялық тазалығын сақтау мәселесі де басты назарда. Ел аймақтарында «Таза су айдындары» табиғат қорғау акциясын өткізу жоспарланған.

— Ақция аясында инспекция тарапынан ауқымды жұмыстар атқарылды. Тазалық шараларына жалпы саны 397 адам қатысып, 68 арнайы техника мен 5 шағын көлемді жүзу құралы жұмылдырылды. Нәтижесінде су айдындарынан 10 тонна 25 келіге жуық әртүрлі қоқыс пен суда иесіз қалған 78 дана ау қалдығы шығарылды. Ал жалпы облыс бойынша бұл игі іске 291 тұрғын атсалысып, 50 арнайы техниканың көмегімен 7 тонна 625 келі қоқыс пен 19 дана тастанды ау тазартылды, — деді Жанқожа Рамбердіұлы.

Саланың дамуы мен экологиялық тазалықты сақтаумен қатар, су айдындарында заңдылықты қамтамасыз ету — басты міндеттердің бірі. Биылғы жыл басынан бергі кезеңде инспекция қызметкерлері жануарлар дүниесін қорғау, молайту және пайдалану туралы заңнаманы бұзудың 140 дерегін тіркеді. Оның ішінде қылмыстық құрамы бар 7 іс өшкереленіп, заң шеңберінде шара қолдану үшін тиісті органдарға жолданды. Заң бойынша арнайы лицензия немесе жолдама алмай балық ұстау, суға тоқ жіберу, балықтардың көбею кезіндегі көктемгі тыйымдарды бұзу, сондай-ақ қызыл кітапқа енген Сырдария бекіресі немесе Арал қазыы сияқты қорғаудағы балықтарды заңсыз аулауға тыйым салынған.

— Заңсыз балық аулағандарға қатысты 133 әкімшілік хаттама толтырылып, оның ішінде 9 іс сот органдарының қа-

рауына жіберілді. Жыл басынан бері балық аулау ережесін бұзған 124 жеке тұлғаға жалпы көлемі 2 миллион 800 мың тенге айыппұл салынды. Қатаң бақылау шаралары алдағы уақытта да жүйелі түрде жалғаса бермек, — деді Арал-Сырдария бассейндік балық шаруашылығы инспекциясы басшысының орынбасары Жанқожа Сапаров.

Сыр өңірінде балық қорын сақтау және олардың табиғи көбеюіне жағдай жасау мақсатында жыл сайын арнайы шектеулер мен тыйымдар енгізіледі. Бұл шаралар Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2026 жылғы 3 наурыздағы №78 бұйрығына сай қатаң қадағалануда. Бекітілген кестеге сәйкес, облысы аумағындағы Сырдария өзенінің сағасынан Түркістан облысының шекарасына дейін — 1 сәуірден 30 мамырға дейін, Кіші Арал теңізі акваториясында — 1 мамырдан 10 маусымға дейін балық аулауға тыйым салынды. Ал облыс шегіндегі басқа да су айдындарында бұл мерзім 20 сәуір мен 10 маусым аралығын қамтыса, Сарышығанақ пен Бұтақов шығанақтарында мұз ыдырағаннан бастап 10 маусымға дейін балық аулауға мүлдем рұқсат берілмейді.

Бұған қоса, артемияның көбеюі кезеңінде Үлкен Арал теңізінде 1 сәуір мен 31 шілде аралығында артемия жұмыртқаларын жинауға және дайындауға тыйым салынған. Сонымен қатар «тыныштық аймақтарын» құру мақсатында Ақлақ гидрокұрылысжайының төменгі бөйінен бастап Кіші Арал теңізінің сақалы акваториясын қамти отырып, Сақарал бөгіетіне дейінгі аумақта жыл бойы балық аулауға тыйым енгізілгенін әрбір кәсіпкер мен балықшы қатаң еске-руі қажет.

БАСЫ 1-БЕТТЕ

ҚЫЛМЫС АЗАЙДЫ

— Азаматтардың құқықтарын қорғау мақсатында прокурорлар тергеу органдарының заң талаптарына сәйкес келмейтін 38 шешімін мақұлдамады. Заңсыз ұсталған 14 азамат прокурорлардың араласуымен босатылды. Мысалы, адамды қамауға алу, тінту жүргізу сияқты маңызды процессуалдық әрекеттер заң талаптарына сай болмаса, прокурор оны мақұлдамайды. Кейбір адамдарды құқық қорғау органдары заң талаптарын бұза отырып ұстағаны анықталып, прокурордың шешімімен олар уақытша ұстау изоляторынан шығарылған. Азаматтардың заңмен қорғалатынына деген сенімін арттырып, қылмыстық қудалау органдарына жеткізілген әрбір азаматтың құқықтарының сақталуын қамтамасыз ету үшін кезекші прокурорлардың қатысу тәжірибесі тұрақты жүзеге асуда, — деді Ризабек Ожаров.

Биыл Қылмыстық кодекске енгізілген өзгерістерге сәйкес, алаяқтарға өз банктік шотын немесе картасын пайдалануға беретін, яғни заңсыз ақша аударымдарына делдал болатын «дроперлерге» қылмыстық жауапкершілік белгіленді. Облыста осы бап бойынша 16 азаматқа қатысты айыптау үкімдері шығарылды.

Дроперлер — интернет-алаықтық схемаларында делдал ретінде әрекет ететін тұлғалар. Олар заңсыз жолмен алынған қаражатты өз банктік шотына қабылдап, оны басқа шоттарға аудару немесе қолма-қол ақшаға айналдырып, қылмысты ұйымдастырушыларға береді. Заңға сәйкес, мұндай құқық бұзушылық үшін айыппұлдан бастап 7 жылға дейін бас бостандығынан айыру жазасы қарастырылған. Осыған байланысты прокуратура азаматтарды банк карталары мен шоттарын бөгде адамдардың пайдалануына бермеуге, сондай-ақ жеке банктік деректерін үшінші тұлғаларға жария етпеуге шақырды.

— Азаматтардың құқығын қорғау үшін кезекші прокурордың тәулік бойы сенім телефоны іске қосылды. Байланыс нөмірлері ресми сайттар мен әлеуметтік желілерде жарияланды. Тергеу сапасын арттыру мақсатында прокурорлар 1 044 нұсқау беріп, заң бұзушылықтарды жою жөнінде 50 ұсыныс енгізді. Соның нәтижесінде 310 қызметкер тәртіптік жауапкершілікке тартылған. Бүгінде прокуратура қызметіне цифрлық технологиялар мен жасанды интеллект мүмкіндіктері белсенді енгізілуде. Жобалар қылмыстың



Сурет ашық дереккөзден алынды

алдын алу, құқық бұзушылықтарды ерте анықтау және тергеу сапасын арттыруға көмектеседі. Облыста «IT TERGEU», «Смарт браслет», «Кибер-волонтер» және «Қылмыссыз өңір» жобалары табысты жүзеге асырылып келеді. Сонымен қатар біздің бастамамызбен қылмыстық процесті олан әрі цифрландыруға арналған «TERGEU PRO» бағдарламасын енгізу жұмыстары жүргізілуде. Бұл жоба тергеудің ашықтығы мен тиімділігін жаңа деңгейге көтеруге мүмкіндік береді, — деді Ризабек Кәрімұлы.

Сыр өңірі сотталғандарды жұмыспен қамтудан ел бойынша алда тұр. Бүгінде еңбекке жарамды 1 183 азаматтың 75,5%-ы тұрақты жұмысқа орналасқан. Бұл республикалық орташа көрсеткіштен әлдеқайда жоғары. Прокуратураның үйлестіруімен №37 және №60 мекемелерінде сегіз жеке кәсіпкер жаңа өндіріс орындарын ашып, қосымша жұмыс орындарын құрды. Қазіргі таңда бұл тергеу изоляторында еңбекке қабілетті жандар жүз пайыз жұмыспен қамтылған. «Смарт-білезік» жобасы аясында электронды бақылау құралдары көбейіп жатыр. Қазіргі таңда 255 құрылғы сатып алынса, оның 181-і биыл жергілікті бюджет есебінен іске қосылды. Алдағы уақытта тағы 50 білезік алынбақ. Мұндай кешенді шаралардың нәтижесінде аймақта қайта қылмыс жасау деңгейі 30%-ға төмендеді.

— Прокуратура органдары жүргізген тексерістердің нәтижесінде 266 мыңнан астам тұрғынның құқығы қорғалды. Сонымен қатар 11 мың азаматтың конституциялық құқығы қалпына келтірілді. Заңды белшесінен басқан 2 237 тұлға жауапкершілікке тартылса, оның

214-і — лауазымды тұлғалар. Ведомство кәсіпкерлерді қорғауды да назардан тыс қалдырмайды. 5 700-ден астам бизнес өкілінің мәселесі шешілді. Ал кәсіпкерлікке заңсыз араласып, тексеру тәртібін бұзған 18 шенеунік әкімшілік жауапқа тартылды, — деді ол.

Прокуратура кәмететке толмағандардың құқықтарын қорғау мен құқық бұзушылықтың алдын алу жұмыстарына да ерекше назар аударып келеді. Жыл басынан бері 56 мыңнан астам баланың құқығы қорғалып, мектеп оқушыларының құқықтық сауаттылығын арттыру мақсатында «Adal Bala» цифрлық білім беру порталы іске қосылды. Бүгінде платформаны облыстағы 300 мектептің 180 мыңнан астам оқушысы пайдаланып отыр. Жоба оң нәтижесін беріп, жасөспірімдер арасындағы қылмыс 8 пайызға, ал суицид деректері 5 жағдайдан 3 жағдайға дейін төмендеді.

Мемлекет басшысының «Таза Қазақстан» экологиялық акциясына прокурорлар да белсене араласуда. Бірлескен рейд барысында қоғамдық орындарды ластаған 1300-ге жуық азамат әкімшілік жауапқа тартылды. Сондай-ақ 157 заңсыз қоқыс орны анықталып, толық тазартылды. Облыс тұрғындарымен 250-ден астам кездесу ұйымдастырылған. «Прокуратура құзыретіне кіретін мәселелер бойынша әр сәттен бірі күні сағат 10-нан бастап жеке қабылдауға әзірмін, — дейді облыс прокуроры Ризабек Кәрімұлы.

Қызылорда облысының прокуратурасы заңдылықты қамтамасыз ету, азаматтардың құқықтарын қорғау, қоғамдық қауіпсіздікті нығайту және қылмыстың алдын алу бағытындағы жұмыстарын алдағы уақытта да жүйелі түрде жалғастырады.

Бетті дайындаған Думан КЕҢШПҚ

ЭКОНОМИКАЛЫҚ ӨСІМ СЕЗІЛЕ МЕ?

Статистикалық мәліметтерге сүйенсек, соңғы үш жыл бойы азаматтардың сатып алу қабілеті айтарлықтай өсім көрсете алмай келеді. Бұл үрдіс елдің әлеуметтік-экономикалық дамуына тікелей әсер ететіндіктен, тығырықтан шығудың жаңа жолдары қарастырылуда. Үкімет 2026-2029 жылдары халықтың табысын арттыруға арналған кешенді жоспарды бекітті. Жоспар экономика өсімі мен халықтың нақты табысы арасындағы айырмашылықты азайту үшін қабылданған. Экономика өссе де, инфляцияның күшеюі, несие жүктөмесінің артуы және табыстың біркелкі бөлінбеуі салдарынан көптеген адамның сатып алу мүмкіндігі төмендегені байқалған.

Үкіметтің кешенді жоспары халықтың табысын арттыруға, жалақы деңгейіндегі айырмашылықты азайтуға және жұмыспен қамтуды жақсартуға бағытталған. Жоспар алты негізгі бағытты қамтиды. Олар жалақыны көтеру, сапалы жұмыс орындарын құру, адами капиталды дамыту, инфляцияны төмендету, салық және әлеуметтік қолдау шараларын жетілдіру, сондай-ақ халықтың қарыз жүктөмесін азайту.

Құжат аясында 2029 жылға дейін сапалы жұмыс орындарының санын 3,8 млн адамға жеткі-

зу, ірі инвестициялық жобалар арқылы жаңа жұмыс орындарын ашу және техникалық-кәсіптік білім беру жүйесін еңбек нарығының сұранысына бейімдеу жоспарланған. Дегенмен кез келген кәсіпорынға жоғарыдан бұйрық беру әдісімен жалақыны өсіруге міндеттеу — сырттай тиімді көрінгенімен, іс жүзінде кері әсерін тигізеді. Мұндай әкімшілік қысым көбіне шағын және орта бизнестің тұралап қалуына немесе «көленкелі экономикаға» кетіп қалуына әкеп соғады. Сондықтан жалақы мәселесін әкімшілік



Сурет ашық дереккөзден алынды

бұйрықпен емес, кәсіпорын ішіндегі қаржылық ағындарды қайта бөлу арқылы жүйелі түрде реттеу қажет. Осы тұста экономист Айбар Олжай мемлекет бизнеске салықтық немесе құқықтық жеңілдіктер ұсына отырып, жұмысшылардың табысын өздігінен өсіруге ынталандыруы қажет екендігін айтады.

— Халықтың табысын арттыру мәселесі инфляция деңгейінен төмен түсіп кетті. Өсім соңғы үш жыл бойы үздіксіз төмендеп келеді. Тіпті, экономиканың осу қарқынымен салыстырғанда халықтың нақты табысының өсімі артта қалып қойды. Сондықтан бізге бәрібір жалақыны көтеру қажет. Бірақ жалақыны әкімшілік әдіспен, бұйрық беру арқылы емес, ішкі қаржыны, оның ішінде дивидендтік және басқа да қаражаттарды қайта қарап, ішкі бөліністі дұрыс жолға қою арқылы реттеу керек, — дейді Айбар Олжай.

Сондай-ақ кешенді жоспар аясында инфляцияны төмендету үшін әлеуметтік маңызы бар азық-түлік бағасын тұрақтандыру, жәрменкелер өткізу, «жасыл дәліз» ұйымдастыру және тасымал тарифтерін төмендету шаралары да бар.

Жоспар нәтижесінде жалақыны орта есеппен 10%-ға арттыру, халық табысының жыл сайын инфляциядан 2-3%-ға жоғары өсуін қамтамасыз ету, жыл сайын 240 мыңға дейін сапалы жұмыс орнын құру, 2029 жылға қарай инфляцияны 5-7%-ға дейін төмендету және халықтың азық-түлікке жасайтын шығынын 40%-ға дейін азайту межеленіп отыр.

Экономикадағы тағы бір маңызды фактор — халықтың табысын өсірумен қатар, ішкі нарықты өз тауарларымызбен қамтамасыз ету. Егер біз бұл теңдікті сақтай алмасақ, елде үлкен «инфляциялық спираль» пайда болады. Жалақы өскен кезде халықтың сұранысы да автоматты түрде артатыны белгілі. Ал егер бұл сұранысты ішкі өндіріс емес, тек сырттан келетін импорт жабатын болса, халықтың қолына тиген ақша ел ішінде қалмай, шетелге кетеді.

Бұл қауіптің алдын алудың жалғыз жолы — отандық өндірісті, әсіресе азық-түлік секторын бірінші кезекте дамыту. Қазіргі уақытта мемлекет тарапынан нақты секторды қолдауға, елде жаңа зауыттар мен кәсіпорындар ашуға

айтарлықтай қаражат бағытталып отыр. Мәселен, «Бәйтерек» ұлттық холдингінен бөлінетін 8 триллион тенге көлеміндегі ауқымды неселік қолдау өндіріс орындарын көбейтуді көздейді. Сарапшының пайымдауынша, бұл қаражат жаңа жұмыс орындарын құруға, жаңа зауыттар мен белгілі бір кәсіпорындар ашуға септігін тигізеді.

— Мысалы, әр кәсіпорынның шығындар құрылымында еңбекке қол жеткізу қоры бар. Соның белгілі бір үлесін арттыру, соған ынталандыру арқылы жұмысты алға бастыруға болады. Бұған параллельді түрде Қазақстанда жаңа өндіріс орындарын ашу қажет. Қысқасы, жұмыс көп болуы, жұмыс орындары көптеп ашылуы тиіс. Адамдарда белгілі бір дәрежеде кез келген жұмысты таңдай алатын мүмкіндік болуы керек. Нарықта бос жұмыс орындары неғұрлым көп болса, азаматтардың да таңдау мүмкіндігі соғұрлым кеңеймек. Қазіргі уақытта мемлекет тарапынан бұл бағытта нақты жоспарлар қолға алына бастады, — дейді Айбар Олжай.

Нарықта жұмыс орындары көп және әртүрлі болған сайын, азаматтардың кез келген жұмысты өз қалауымен таңдау мүмкіндігі артады. Кәсіпорындар көбейген кезде жұмыс берушілер арасында білікті мамандарға деген сұраныс артып, өзара бәсеке туындайды. Ал білікті маманды өз компаниясына тарту үшін жұмыс берушілер амалсыз жалақыны өсіруге және еңбек жағдайын барынша жақсартуға мәжбүр болады.

— Кешенді жоспар осындай бағытта қатар жүреді. Біріншіден, адамдардың жалақысы артады. Екіншіден, сол табыстың бәрі импортқа кетіп қалмас үшін отандық тауарлар, әсіресе бірінші кезекте азық-түлік өндірісі көбейеді. Үшіншіден, кәсіпорындар мен жаңа жұмыс орындары көп болғанда адамдардың таңдау мүмкіндігі артады. Жұмысшылар өздеріне тиімді орынды таңдай алады. Нәтижесінде жұмыс берушілер арасында білікті мамандарды өзін тарту бойынша бәсеке пайда болады. Негізгі бағдарламаның басты үш жүйесі мен идеясы міне, осындай, — дейді экономист.



Сурет ашық дереккөзден алынды

САПА МЕН СЕНІМГЕ СҮЙЕНГЕН «СЫР ЖИҢАЗЫ»



Коллаж: Ерлеспесқызынан

Басы 1-бетте

ЖІБЕКТІҢ ЖЕТІСТІККЕ ТОЛЫ ЖОЛЫ

Цехта қайнаған қызу тірлік. Кәсіпорын басшысы Жібек Қожахметова телефон арқылы тапсырыс қабылдап, тұтынушылармен тығыз байланыс орнатып жатқанына куә болдық. Бұл – өнімге деген сұраныс жоғары екенінің нақты дәлелі.

Бұл жетістік бір күннің жемісі емес. Үлкен ізденіс пен табанды еңбектің нәтижесі. Қызығы сол, Жібек Қожахметованың мамандығы – мұғалім. Кәсіппен айналысқанды жөн көрген ол өз тағдырын жиһаз өндірісімен байланыстырады.

– 2004 жылы осы мекемеге дизайнер болып жұмысқа орналастым. Қиялыммен түрлі дизайн сызып, адамдармен араласу маған бірден ұнады. 7 жылдай дизайнер болып, істің қыр-сырын меңгердім. Осы жерде жүріп отбасын құрдым. Содан кейін жолдасым екеуіміз тәуекелге бел буып, өз жиһаз цехымызды аштық. Кезінде жас маман болып келген кәсіпорында үлкен кәсіпті жолға қойып, басқарып отырған жайым бар, – дейді кәсіпкер өткен күнге көз жүгіртіп.

Бастапқыда оңай болмады. Кәсіпті жаңа бастағанда ең бірінші ғимарат мәселесі қиындық келтіреді. Алайда оған мойымай, базар ішіндегі кішкентай орынға заттарын қойып сатады. Кейін үй салған соң, жиһазды өз үйінде құрыстыруға тура келген кездері де болған. Алғашқы ауқымды тапсырыс негізінен балабақшалардан түседі. Алғашқы табыс нәтижесінде Қытайға барып, өндіріске қажетті заманауи аппараттарды алып келген. Осылайша, 23 жылға жуық уақытын осы салаға арнаған кейіпкеріміз «Сыр жиһазын» жаңа деңгейге көтеріп отыр.

Цех ішіне кіргенімізде шеберлердің де бір сәтке аялдамай, іске кіріскенін көрдік. Бірі өлшеп, бірі кесіп, әр жиһаздың мінсіз шығуына барын салуда. Олардың қолынан шыққан

заманауи үлгідегі жиһаз шетелдік өнімнен кем түспейді.

Жиһаз өндірісі – үнемі дамып, жаңарып отыруды талап ететін сала. Осы орайда, мемлекеттік қолдаудың маңызы зор. «Даму» бағдарламасы арқылы алған қаражаттың арқасында цехтың тынысы кеңейіп, өндіріске ең қажетті, қалада баламасы жоқ бірегей жабдықтар сатып алған. Бұл жұмыс өнімділігін бірнеше есе арттыруға мүмкіндік береді.

Кәсіпорын жиһаз сапасына ерекше мән береді. Жиһаз жасауға негізінен Ресейден әкелінетін сапалы ағаштар пайдаланылады. Жиһазға қажетті әйнектер мен шынылар жергілікті «Шыны зауытынан» алынады. Өндірістік құрал-жабдықтар мен заманауи аппараттар Қытайдан әкелінген.

Бүгінде «Сыр жиһазында» 18 адам тұрақты жұмыс істейді. Біліктілікті арттыру мақсатында Алматыдан арнайы мамандар шақыртылып, жергілікті жұмысшылар оқытудан өткен. Сонымен қатар жұмысшы мамандығы бойынша білім беретін колледж студенттері осы



цехта өндірістік тәжірибеден өтіп, қолынан іс келетіндер тұрақты жұмысқа қалады.

Қазіргі таңда «Сыр жиһазы» тек үй жиһаздарын ғана емес, кеңселерге, мектептер мен балабақшаларға арналған жабдықтарды да көптеп шығарады. Тіпті, аудандардан да тапсырыстар түсуде. Сондай-ақ мемлекеттік тапсырыс орында келеді.

Кәсіп жүргізу оңай шаруа емес. Нарықта заңдылықтар мен салық талаптары бар, бәсеке де өте жоғары. Бір аймақтың, тіпті бір ғана Қызылорда қаласының өзінде 300-ден астам жеке жиһаз цехы бар. Мұның барлығы бәсеке. Жібек Нұрмағанбетқызының айтуынша, бәсекелестік бар жерде ғана даму болады және кәсіпкерлер табысқа қол жеткізе алады.

– Кәсіп бастаудың ар жағында үлкен қажыр-қайрат пен тәуекел жатыр. Жаңадан іс бастайтын адам ең бірінші кезекте дағдарысқа дайын болуы керек. Дүние-мүлік қуып кетпей, қаржы жинап, тапқан табысты кәсіпті дамытуға бағыттау маңызды. Сондай-ақ заңдық тұрғыда тек келісімшартпен ғына жұмыс істеу керек. Өйткені қазір алаяқтардың да

заманы, жиһазға тапсырыс алып, халықты алдап кететіндер де кездеседі. Сондықтан кәсіпті заңдастырып, өнімді сапа сынағынан өткізіп, адам өміріне қауіпсіз етіп шығару – басты міндетіміз, – дейді ол.

Кәсіпкердің айтуынша, қазіргі жастардың көбі ауыр жұмыс істегісі келмейді, дайынға үйір. Дегенмен, кәсіпті дұрыс басқару, менеджмент кітаптарын оқу және ең бастысы, өзін білетін, қолынан келетін іспен айналысу ғана жетістікке жетелейді. «Көш жүре түзеледі» демекші, қиындықта, дағдарыс та адамды шыңдай түседі.

«АЛТЫН САПАҒА» ҚАДАМ

Бүгінде Қазақстанда жиһаз өндірісі өте жоғары деңгейде және қарқынды дамуда. Жергілікті кәсіпкерлер заман талабына сай әлемдік стандарттар үлгісінде өнім дайындауды толық меңгерген. Тұтынушылардың да таламы мен талабы жоғары. «Сыр жиһазы» да сол талаптан шығу үшін үнемі ізденіс үстінде. Тұтынушы цехқа келіп, жиһаз дизайнына өзгеріс енгізгісі келсе, олардың кез келген тілегі ескеріледі.

Маркетинг пен жарнаманы да қатар дамытып, әлеуметтік желілер арқылы тапсырыс қабылдауды жолға қойған кәсіпорын енді республикалық деңгейге шығуды көздеп отыр. – Біз облыс көлемінде «Үздік тауар» номинациясын жеңіп алдық. Ендігі мақсатымыз – еліміз бойынша үздіктер қатарынан көріну. Биыл республикалық деңгейдегі ең мәртебелі «Алтын сапа» сыйлығына дайындалуды жоспарлап отырмыз. Цехымыздың көлемі үлкен, техникалық мүмкіндігіміз де жетеді. Тіпті қазір ел бойынша сапалы жиһазбен қамтуға мүмкіндігіміз бар, – дейді кәсіпкер Жібек Қожахметова.

Қорыта айтқанда, «Сыр жиһазы» ЖШС-нің бүгінгі жетістігі – тек бір отбасының ғана емес, отандық өндірісті өрге сүйіріп жүрген еңбек адамдарының ортақ жеңісі. Ізденіс бар жерде ілгерілеу, еңбек бар жерде береке бары хак.

Айтолқын БАТЫРБАЙҚЫЗЫ


ҮКІМЕТТІК ЕМЕС ҰЙЫМДАРҒА АРНАЛҒАН СЫЙЛЫҚАҚЫ КОНКУРСЫНА ӨТІНІМ ҚАБЫЛДАУ БАСТАЛДЫ

- Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігі 2026 жылғы 1 шілдеден бастап үкіметтік емес ұйымдарға арналған жыл сайынғы сыйлықақы конкурсына қатысу үшін өтінімдерді қабылдауды бастады.
- Конкурстың мақсаты – үкіметтік емес ұйымдардың әлеуетін нығайту және қоғамдық маңызы бар жобаларды іске асыруға ынталандыру үшін институционалдық қолдау көрсету.
- Сыйлықақы әлеуметтік маңызы бар 16 бағыт бойынша тағайындалады.
- Егер ұйымыңыз қоғамдық бастамаларды жүзеге асыруға белсенді атсалысып, өз саласында нәтижелі жұмыс жүргізіп, әлеуметтік маңызы бар мәселелерді шешуге үлес қосып жүрсе, сіздерді үздік үкіметтік емес ұйымдарды анықтауға арналған конкурсқа қатысуға шақырамыз.

Өтінімдерді қабылдау мерзімі: 2026 жылғы 1 шілдеден бастап 1 күркірек, сағат 18:30-ға дейін (Астана уақыты бойынша).

Конкурсқа қатысу талаптары туралы толық ақпаратпен төмендегі сілтеме арқылы танысуға болады:

- <https://www.gov.kz/memleket/entities/akk/documents/details/1035722?lang=kk>
- Сұрақтар туындаған жағдайда келесі нөмірлер бойынша хабарласуға болады:
- 8 (7172) 74-07-41
8 (7172) 74-09-97
8 (7172) 74-02-17



ЛИСТЕРИОЗ ДЕГЕНІМІЗ НЕ?

Денсаулығымызға елеулі қауіп төндіретін, бірақ көп жағдайда еленбейтін жұқпалы аурудың бірі – листериоз. Бұл аурудың өзектілігі сонда – оның қоздырғышы біз күнделікті тұтынатын тағамдар арқылы жұғып, ауыр зардаптарға әкелуі мүмкін.

Листериоз – *Listeriamonocytogenes* бактериясы тудыратын, адамдар мен жануарларға ортақ қауіпті жұқпалы (зоонозды) ауру. Бұл бактерия сыртқы ортаға өте төзімді.

Ең басты ерекшелігі: Листерия бактериясы кәдімгі тұрмыстық тоңазытқыштың ішінде (+4°C температурада) өлмейді, керісінше белсенді түрде көбейе береді. Сол себепті оны «тоңазытқыш инфекциясы» деп те атайды.

Инфекцияның көздері және жұту жолдары

Табиғатта бұл аурудың негізгі тасымалдаушысы – кеміргіштер (тышқандар, егеуқұйрықтар) және ауылшаруашылығы жануарлары (қой, сиыр, шошқа).

Адамдарға инфекция негізінен алиментарлы (тағам) жолмен жұғады:

- Жеткілікті термиялық өңдеуден өтпеген ет және сүт өнімдерін тұтыну кезінде;
- Жуылмаған шікі көкөністер мен жеміс-жидектерді жегенде;
- Пастеризацияланбаған сүттен жасалған жұмсақ ірімшіктерді пайдаланғанда;
- Мұздатқышта ұзақ сақталған дайын жартылай фабрикаттарды (шұжықтар, салаттар) қыздырмай жегенде;
- Сондай-ақ ауру жүкті әйелден құрсақтағы балаға (вертикалды жолмен) беріледі.

Аурудың белгілері

Листериоздың инкубациялық кезеңі бірнеше күннен бірнеше аптаға дейін созылуы мүмкін. Ауру кенеттен басталады:

- Дене қызуының жоғарылауы (калтырау);

- Бұлшықеттер мен буындардың ауырынуы;
- Бас ауруы, жүрек айну, құсу және іш өту (улану белгілері);
- Тамақтың ауыруы (ангина тәрізді белгілер).

Кімдерге аса қауіпті?

Сау адамдарда ауру жеңіл ішек инфекциясы ретінде өтуі мүмкін. Бірақ жүкті әйелдер, жаңа туған нәрестелер, қарт адамдар және иммунитеті нашар жандар үшін бұл өте қауіпті. Оларда ауру мидың қабынуына (менингит, энцефалит), қанның бұзылуына (сепсис) және түсік тастауға әкеп соқтырады.

Листериоздың алдын алу ережелері

Листериоздан қорғандың ең тиімді жолы – қарапайым санитарлық-гигиеналық талаптарды сақтау.

- Азық-түлікті дұрыс өңдеу: Ет, балық өнімдерін толық піскенше жақсылап қуыру немесе қайнату қажет. Листерия 70°C температурада 20-30 минутта, ал 100°C (қайнағанда) 3-5 минутта жойылады.
- Шікі өнімдерді мұқият жуу: Жеміс-жидектерді, көкөністерді ағынды сумен жақсылап жуып, содан кейін ғана пайдалану керек.
- Тоңазытқышта сақтау ережесі: Шікі ет өнімдері мен дайын тағамдарды тоңазытқышта бірі-біріне тигізбей, бөлек ыдыстарда сақтау. Тазалық сақтау: Тамақ дайындар алдында және шікі етті ұстағаннан кейін қолды сабындап жуу, пышақ пен тақтайшаларды бөлек пайдалану.
- Кеміргіштермен күрес: Үйлерде, қоймаларда, жергелерде тышқандар мен егеуқұйрықтардың пайда болуына жол бермеу, тағамдарды олардың жанасуынан қорғау.
- Жүкті әйелдерге кеңес: Жүктілік кезеңінде мерзімі өтіп кеткен өнімдерді, пастеризацияланбаған шікі сүтті және термиялық өңдеуден өтпеген жартылай фабрикаттарды жеуден бас тартқан жөн.

Өз денсаулығыңыз өз қолыңызда. Жоғарыда айтылған қарапайым тазалық пен ас әзірлеу ережелерін сақтау арқылы сіз өзіңізді және жақындарыңызды листериоз сияқты қауіпті дерттен қорғай аласыз. Егер бойыңыздан белгісіз қызба немесе асқазан-ішек жолдарының бұзылу белгілерін байқасаңыз, өз бетіңізше емделмей, дереу дәрігерге жүгінуіңіз қажет.

Н.С.ИЛЬСОВА,

Қызылорда облағы қарсы күрес станциясының дәрігер биохимиясiздік жөнiндегі маманы

ЕМДІК ДЕНЕ ШЫНЫҚТЫРУ БАЛАЛАРҒА НЕ ҮШІН ҚАЖЕТ?

Баланың денсаулығы – оның жарқын болашағының кепілі. Қазіргі кезде балалар арасында қозғалыс белсенділігінің төмендеуі, омыртқа қисаюы, жалпақтабандылық және артық салмақ сияқты мәселелер жиі кездеседі. Осындай жағдайлардың алдын алу мен түзетуде емдік дене шынықтырудың маңызы ерекше.

Емдік дене шынықтыру – арнайы таңдалған жаттығулар кешені арқылы денсаулықты нығайтуға және ағза қызметін жақсартуға бағытталған әдіс. Бұл жаттығулар баланың жас ерекшелігіне, денсаулық жағдайына және физикалық мүмкіндігіне қарай жүргізіледі. Сондай-ақ тек науқас адамдарға емес, дені сау жандарға да пайдалы. Ол ең алдымен баланың бұлшықет жүйесін дамытады. Арқа, мойын, аяқ-қол бұлшықеттерінің күшеюі дененің дұрыс қалыптасуына ықпал етеді. Әсіресе мектеп жасындағы балалар үшін омыртқаның түзу болуы өте маңызды. Ұзақ уақыт компьютер мен телефон қолдану дене қалпының бұзылуына әкеледі. Ал арнайы жаттығулар осы кемшіліктердің алдын алады.

Сонымен қатар емдік дене шынықтыру тыныс алу және жүрек-қан тамырлары жүйесінің жұмысын жақсартыады. Белсенді қозғалыс арқылы ағза оттегімен жақсы қамтамасыз етіліп, қан айналымы күшейеді. Бұл баланың сергек болып, тез шаршамауына көмектеседі. Арнайы жаттығулар арқылы бұлшықеттер күшейіп, буындардың қозғалысы жақсарыады және омыртқаға түсетін жүктеме азаяды. ЛФК әсіресе церебралды сал ауруы, бұлшықет әлсіздігі, сколиоз, жалпақтабандылық, жарақаттан кейінгі қалпына келтіру кезеңінде маңызды рөл атқарады. Жаттығулар қан айналымын жақсартып, тыныс алу жүйесінің жұмысын күшейтеді және баланың жалпы физикалық дамуына оң әсер етеді.

Емдік жаттығулардың тағы бір пайдасы – қимыл-қозғалыс үйлесімділігін дамыту. Балалар денесін дұрыс басқаруды үйреніп, икемділігі мен тепе-теңдігін арттырады. Бұл олардың спортпен айналысуына және күнделікті белсенді өмір салтын қалыптастыруына оң әсер етеді.

Сондықтан ЛФК – балаларды сау әрі белсенді өмірге баулуың маңызды құралы. ЛФК нәтижесінде балалардың бұлшықеттері нығайып, қимыл-қозғалыс үйлесімділігі жақсарыады. Сонымен қатар олар шыдамдылыққа және өз денсаулығына жауапкершілікпен қарауға үйренеді.

Қорыта айтқанда, емдік дене шынықтыру – балалардың денсаулығын сақтап қана қоймай, олардың толыққанды өсіп-жетілуіне жағдай жасайтын маңызды құрал. Сондықтан әрбір ата-ана баласының дене белсенділігіне көңіл бөліп, салауатты өмір салтын қалыптастыруға атсалысуы қажет.

Руслан НҰРҒАЗЫҰЛЫ,
«Әбдірахман» массаж орталығының
«Су Джо»массаж және ЛФК маманы

